



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

РОЭК ОӘБ мәжілісі аясындағы
«УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН
ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» АТТЫ
47-ШІ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

26-27 қаңтар 2017 жыл

2 КІТАП

МАТЕРИАЛЫ
47-ОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ
И ЭКСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ УНИВЕРСИТЕТОВ»
в рамках заседания УМО РУМС

26-27 января 2017 года

КНИГА 2

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

Рысбаева Б.Б., Бейжанова А.Т., Турлыбекова Н.М. ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ МЕН ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	327
Рысқалиева Р.Г., Тугелбаева Л.М., Ашкеева Р.К. ӨМІР ТІРШІЛІГІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МАМАНДАҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ «БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯ» ПӘНІН ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР	329
Сабденова Г.Е., Мухажанова Т.Н. БОЛАШАҚ КІТАПХАНАШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ДУАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ	331
Сайлан Б. МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЙ ОБЗОР ИСТОРИИ МОЛОДЕЖНОЙ ПОЛИТИКИ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ.....	334
Сариева А.К., Тогжанова Ж. К., Құйқабаетова А.А. БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ МАҢЫЗЫ.....	336
Сойкина Н.Ю. ОСОБЕННОСТИ РАЗРАБОТКИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ СПЕЦИАЛЬНОСТИ «МУЗЕЙНОЕ ДЕЛО И ОХРАНА ПАМЯТНИКОВ»	340
Суйнашев А.А. ДИПЛОМАТИЧЕСКОЕ ИСКУССТВО ИЛИ КОМПЕТЕНЦИИ, ОБУЧАЮЩЕГОСЯ ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ «МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ»	342
Сулейменова О.Я., Орынбекова Б.С. ШОҒЫРЛАНДЫРЫП-ҚАРҚЫНДЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАЛПЫ ХИМИЯ КУРСЫНЫҢ САРАМАНДЫҚ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ	344
Сыдықбекова Р.К., Мукашева Т.Д., Бержанова Р.Ж., Бектөлеуова Н.К., Игнатова Л.В., Кистаубаева А.С. ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫНА БИОТЕХНОЛОГ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУ КЕЗІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ РЕТІНДЕ ЖОБАЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ.....	346
Тажибаетова С.М., Артыкова Д.М.-К., Төсөпова Б.Б., Коканбаев А.К., Мусабеков К.Б. ВНЕДРЕНИЕ РЕЗУЛЬТАТОВ НИР В УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС.....	348
Тажибаетова Т.Л., Минжанова Г.М. ОСОБЕННОСТИ МАГИСТЕРСКОЙ ПОДГОТОВКИ КАДРОВ ПО «ЗЕЛЕННОЙ ЭНЕРГЕТИКЕ» ДЛЯ ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА	350
Тасибеков Х.С., Наурызбаев М.К., Ефремов С.А., Ергобек Ш.К., Мусабекова А.А., Кудреева Л.К., Оспанова Ж.Б., Шалдыбаева А.М., Абилова М.У. «О МОДЕРНИЗАЦИИ УЧЕБНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА ВУЗОВ В КОНТЕКСТЕ РЕАЛИЗАЦИИ МОДЕЛИ ТРОЙНОЙ СПИРАЛИ»	354
Тажубаева Ш.Т. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ӨДІСНАМАСЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ САЛАСЫНДАҒЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ.....	357
Тен Ю.П. ПРАКТИЧЕСКАЯ АПРОБАЦИЯ МОДУЛЬНЫХ КОМПЕТЕНТНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ (КОРЕЙСКИЙ ЯЗЫК)	361
Токтабаева А.К., Рахметуллаева Р.К., Мангазбаева Р.А. К ВОПРОСУ ВОСТРЕБОВАННОСТИ СПЕЦИАЛИСТОВ ХИМИКО-ТЕХНИЧЕСКОГО ПРОФИЛЯ	362
Торманов Н., Төлеуханов С.Т., Аблайханова Н.Т., Уршеева Б.И. МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІН ОҚУ ҮРДІСІНЕ ПАЙДАЛАНУ ЖАЙЛЫ ПІКІРЛЕР.....	365
Тугелбаева Л.М., Рысқалиева Р.Г., Ашкеева Р.К., Тулегенов А.Б. ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР МЕН ЖОҒАРҒЫ ОҚУ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫ НЫҒАЙТУ.....	367
Тулегенова М. К ВОПРОСУ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ РАБОТОДАТЕЛЕЙ И ВУЗОВ В ФОРМИРОВАНИИ КОМПЕТЕНЦИЙ СПЕЦИАЛИСТОВ	369
Тулеуханов С.Т., Аблайханова Н.Т., Кулбаева М.С., Срашлова Г.Т., Швецова Е.В. УЧЕТ ТРЕБОВАНИЙ РАБОТОДАТЕЛЕЙ ПРИ ПОДГОТОВКЕ МАГИСТРАНТОВ ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ 6М011300 – БИОЛОГИЯ.....	371
Тулешова Г.Б., Бимендиева Л.А. КӘСПКЕРЛІК УНИВЕРСИТЕТ – ЖОО ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІ РЕТІНДЕ.....	374
Тумбай Ж.О. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ-БУДУЩИХ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ.....	376
Тургенбаева А.Н., Ахметова З.Б., Шуренов Н.Б. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	379
Турмуханова М.Ж. НЕОБХОДИМОСТЬ, ОБОСНОВАННОСТЬ И ДИАЛЕКТИКА МОДУЛЬНОГО СОЧЕТАНИЯ ПРЕПОДАВАНИЯ ЭЛЕКТИВНЫХ СПЕЦИАЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН	381
Урисбаева А.А., Қуаналиева Г.А., Буқанова Д.Е. ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУ БАРЫСЫНДАҒЫ ОҚУ-ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	383
Хасанаева Л.М., Уразбаева А.М. «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ, ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІН ЖОО –ДА ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	385
Шанбаева Ү., Тойғанбекова М.Ш. КӘСІБИ ОҚЫТУ МАМАНДЫҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛАУДАҒЫ БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ.....	387
Шеденова Н.У. ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ СТАНОВЛЕНИЕ СПЕЦИАЛИСТА ПО СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЕ В РАМКАХ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ	389

• Заключены трехсторонние договора (вуз-магистрант-работодатель) по подготовке кадров ГПИИР-2 с организацией практики и с дальнейшим трудоустройством на этих промышленных предприятиях.

Реализация такого образовательного процесса призвана обеспечить подготовку востребованных, конкурентоспособных специалистов, обладающих высокопрофессиональными навыками и умением в области химической и перерабатывающей промышленности.

Например, на данный момент кафедр аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов (КАКХ и ТРЭ) заключила договора о целевой подготовке магистров с дальнейшим их трудоустройством на многих производственных предприятиях реального сектора экономики нашей страны, которые входят в Республиканскую программу индустриализации (например, ТОО «КазМунайГазБурение», АО «КОНДЕНСАТ», ТОО «КазАзот» ТОО «КазФосфат», ТОО «ЕвроХимКаратау», ТОО «Тalas Investment Company», ТОО "Кайнар-АКБ", ТОО «АГРО 5», ТОО «Алтын Тастак», ТОО «НУТРИТЕСТ», ТОО «ПВ-5» НАК КазАтомПром, ТОО «Каратау» НАК КазАтомПром, ТОО «Алгогал Galaksi Group», Васильковский ГОК (Altyntau Kokshetau), ТОО «Фармацевтическая компания «РОМАТ», ТОО «Мембранные технологии» и т.д.), а также со многими научно-производственными предприятиями (например, РГП на ПХВ «Национальный центр по комплексной переработке минерального сырья РК», «КазМеханОбр», ТОО «НИИ карантина и защиты растений», ТОО «Академия питания» и др.) всего 49 договоров на подготовку 49 специалистов для индустрии.

Безусловно, указанная работа является результатом лишь первой ступени деятельности работ КАКХ и ТРЭ КазНУ им. аль-Фараби по интеграции образовательного процесса и индустрии. Дальнейшая работа коллектива университета в этом направлении будет нацелена на освоение опыта ведущих зарубежных университетов по взаимодействию науки и промышленности.

Выводы. В дальнейшем необходимо продолжить:

- Разработку инновационных практико-ориентированных образовательных программ (международная аккредитация практико-ориентированных образовательных программ; усиление производственной практики обучающихся; внедрение профильных дисциплин на английском языке);
- Развитие кадрового и педагогического потенциала (корпус ППС должны проходить стажировку в ведущих зарубежных вузах; привлечение специалистов с производства для преподавания в университете);
- Модернизация материально-технической базы улучшение инфраструктуры университета (аккредитация образовательно-научных лабораторий; дальнейшая модернизация МТБ);
- Развитие партнерства с ведущими зарубежными университетами (программы обмена преподавателями и студентами; совместная научная работа; программы двойного диплома);
- Совершенствование системы трудоустройства выпускников (трудоустройства выпускников после окончания вуза; программы «франного найма»).

Список литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие», 30.11.2015 г.
2. Послания Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность», 31.01.2017 г.
3. Мутанов Г. «Образование. Наука. Инновации» // ВКГУ им. Д.Серикбаева. – Усть-Каменогорск, 2010. – 226 с.
4. Под. ред. Член корр. НАН РК Г.М.Мутанова «Качество инженерного образования в Центральной Азии» // Мат. 1-го Форума проекта УС Темпус QUEECA. 2-3 апреля 2013 г. – Алматы, 2013. – 152 с.
5. Тасибеков Х.С., Тажибаева С.М. «Ориентация научных исследований и образовательного процесса на индустриально-инновационное развитие экономики» // Информационно-аналитический журнал МОН РК «Высшая школа Казахстана. Изд. «Центр Болонской академической мобильности МОН РК». – Астана, 2015. -№2. –С.40-45.
6. Тажибасва С.М., Камысбаев Д.Х. Основные научные направления кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов // Вестник КазНУ, серия химическая, 2012. - №2(66). – С. 19-27.

Таубаева Ш.Т.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ӘДІСНАМАСЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ САЛАСЫНДАҒЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

Әлеуметтік және мәдени үдерістердің жаһандануы жетекші әлемдік үрдіске айналуда. Сол сияқты білім беруге де жаһандану тән. Үшінші мыңжылдық –жаһандық жаңалықтар мен білім берудің дәуірлеу ғасыры. Жаһандану еңбек әрекетін интеллектуальды етуде жоғары білім берудің кәсіптік қызметінің даму факторына айналдырды. Еліміздегі саяси-әлеуметтік жағдай білім беру үдерісіне жаңа талаптар қойып отыр. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы жүйелі өзгерістер әлемдік деңгейдегі жаңашыл бастамалармен үндесіп жатыр. Білім берудің мемлекеттің интеллектуальдық және рухани ресурстарының қайнар көзі ретінде адами капиталдың сапасын арттыруда басты рөл атқаруда. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жетістіктері, ең алдымен, оның білім беру жүйесімен, азаматтарының білім деңгейімен анықталады [1].

Тәуелсіздік алған уақыттан бастап Қазақстан Республикасы Президенті Н.А.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында, дәрістерінде идеологияның маңызды үлгілерін жүйелі түрде ұсынып отырды. Қазіргі

таңда мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыты – интеллектуальдық ұлт қалыптастыру. Сондықтан «Интеллектуальдық ұлт - 2020» ұлттық жобасында Президент жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеу мақсатында білім беру үдерісін зияткерлендіру қажеттігі идеясын алға тартты. Сол интеллектуалды ресурстың бірі – бүгінгі жоғары мектеп педагогы. Біліктілігі мен шеберлігін шындай түсу мақсатында біздің еліміздің жоғары оқу орындарының оқытушылары Президенттің инновациялық саясатымен тағайындалған талантты жастарды шетелде оқытудың арнайы халықаралық «Болашақ» бағдарламасы аясында дүние жүзінің жетекші университеттерінде және ғылыми-зерттеу ұйымдарында тағылымдамадан өтуде. Жоғары мектеп оқытушысы ретінде мен де Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясындағы Ғылыми тағылымдама барысында Ресейдің университеттерінің, Ресей Білім академиясының «Әлеуметтік педагогика», «Педагогика теориясы мен тарихы» институттарының Білім беру философиясы мен педагогиканың әдіснамасы зертханасында осы саладағы жинақталған білімдер жүйесін және тәжірибесін толық зерделеп, жұмыс жүйелерімен танысып, өзіміздің ғылыми және практикалық тәжірибемізді жинақтауға мүмкіндік алдым.

Қазақстанның өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында, жаңа заман талаптарына сәйкес педагогтың ғылыми-зерттеушілік даярлығын қалыптастыру моделін жасауда ең алдымен ғылымның қазіргі кезеңдегі әдіснамасына, педагогиканың әдіснамасына, әдіснамалық негіздемесіне сүйену қажет.

Педагогиканың әдіснамасы мен педагогикалық зерттеудің әдістері бойынша оқыту үдерісі соңғы жиырма жылдықты қамтиды. Бұл саладағы ғылыми-әдістемелік жүйе осы уақытта жүргізілген ізденіс және тәжірибе негізінде жаңа тұрпаттағы педагогтың ғылыми-зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың авторлық тұжырымдамасына негізделіп құрылды. Оның жетекші идеясы - педагогиканың әдіснамасының оқытушының ғылыми-зерттеушілік күзіреттілігінің негізі ретіндегі шығармашылық әлеуетін қалыптастыру.

Кафедрадағы «Педагогика және психология» және «Әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану» мамандықтарына бакалавриаттағы «Психологиялық-педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері», «Әлеуметтік-педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері магистратурадағы «Педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері», докторантурадағы «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы», «Әлеуметтік-педагогикалық зерттеудің теориялары мен технологиялары» пәндерін оқыту жүйесіне: білім алушыларды әдіснамалық ойлауға баулу, зерттеудің логикасын анықтау және жүзеге асыруға үйрету (педагогиканың әдіснамалық негіздерін, зерттеу нысаны мен пәнін, әдістерін нақты практикалық мысалдар арқылы меңгерту), оларда әдіснамалық және эксперттік құзыреттілік қалыптастыру, білім беру саласында стратегия мен тактиканы болжай алу дағдыларын дамыту енеді.

Аталмыш пәндер оқытатын мазмұны ғылым философиясы, әдіснамасы, педагогика философиясы мен әдіснамасы бағытындағы тәжірибенің озық үлгілерін қамтиды. Негізінен пәндердің мазмұны метаблоктар арқылы жүйеленеді.

Айталық, «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» оқулығында:

- ғылымның жалпыпәндік моделі;
- ғылым философиясындағы ғылыми білімнің даму тұжырымдамалары;
- педагогика ғылымының әдіснамасының даму кезеңдері;
- педагогикалық зерттеулердегі әдіснамалық тұғырлар және ұстанымдар (жүйелілік, инновациялық, синергетикалық) олардың құрылымы мен мазмұны жүйесі;
- ғылыми-педагогикалық танымның әдіснамасы;
- педагогикалық зерттеулер әдістері;
- әдіснамашы-педагогтар еңбектері;
- педагогиканың әдіснамасы бойынша дайындалған диссертациялар тізімі берілді.

Педагогикалық зерттеудің әдіснамасына арналған оқулық ғылым әдіснамасы мен педагогика әдіснамасы бағытындағы іргелі зерттеулер нәтижесінде жазып даярланды. Ұсынылып отырған оқулықта педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі туралы магистранттар мен докторанттарға қажет ғылыми білімдер «Педагогика ғылымының әдіснамалық теориялық негіздері», «Педагогика ғылымының әдіснамалық қоры», «Педагогиканың әдіснамалық тұғырлары», «Ғылыми-педагогикалық таным әдіснамасы», «Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі», «Педагогтың зерттеушілік мәдениеті» атты тарауларда жүйеленді.

Педагогика әдіснамасы жоғары оқу орындары оқытушыларының кәсіби дайындығының құрамдас бөлігі ретінде педагогика саласындағы зерттеу әрекетінің әдістері мен құралдарын меңгертуге бағдарланған. Қазақстан және ТМД елдерінің жетекші ғалымдарының ғылыми ізденістері мен практикалық тәжірибесі зерттеу саласында оқытушыларда арнайы күзіреттіліктер қалыптастыру, жалпы және нормативті әдіснама орталығын құру, педагогика әдіснамасынан жеке пән құрастыру, оның мазмұнын анықтау, оқулығын және оқу-әдістемелік кешенін даярлау қажеттігі жайлы пайымдауларға алып келіп, ақиқатқа айналып отыр. Үздіксіз білім беру жүйесінде студенттерді, магистранттарды, докторанттарды педагогикалық зерттеудің теориясы мен әдістемесі саласында әдіснамалық даярлаудың мазмұны әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, Абй атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде 1997 жылдан бері сынақтан өтті.

Осы жүйені қамтамасыз ететін білім алушылардың танымдық, кәсіби, өмірлік, менталдық тәжірибесіне сәйкес технологиялар тандалып алынды. Олар:

- оқытудың базалық техникасы,
- сыни ойлау технологиясы,
- проблемалық оқыту технологиясы,
- жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясы,
- дамыта оқыту технологиясы,
- интерактивті оқыту технологиясы,
- жобалай оқыту технологиясы.

Аталмыш технологияларды іріктеу және олардың әлеуетін пайдалану педагогикадағы дидактикалық бірліктерді ірілендіру теориясына, гуманитарлық әдіснамаға, түрлі саладағы ғылымдардағы инновацияларға (айталық, физикадағы квант теориясының, синергетиканың мүмкіндіктері) негізделіп құрылған және білім алушылардың функциональдық сауаттылығын әдіснамалық құзыреттілікті меңгеру сатысына жеткізу мақсатында іске асырылды.

Бұл оқыту технологияларының негізгі мақсаты - студенттерге, магистранттарға, докторанттарға педагогикалық зерттеудің әдіснамасының мәнін және ерекшелігін түсінуге, зерттеу мақсатында әдіснамалық білімдерді пайдалану тетіктерін меңгеруге көмектесу. Дәрістерде «Педагогика ғылымының әдіснамалық бағдарлары» және «Педагогика әдіснамасы» және т.б. атты логикалық-құрылымдық сызбалар ұсынылады.

Практикалық сабақтарда педагогиканың философиясы және әдіснамасымен іргелес ғылымдар былайша топтастырылып беріледі:

- Педагогиканың философиясы және әдіснамасын негіздеуге қажет ғылымдар;
- Педагогиканың философиясы және әдіснамасымен шектесетін ғылымдар (зерттеу тақырыбының бірдей болуы);
- Педагогиканың философиясы және әдіснамасын толықтырушы ғылымдар.

Осы курстардың мазмұндық өзегін педагогиканың философиясы және әдіснамасын құрылымдық-логикалық үлгісі құрайды.

«Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» курсының мазмұны жалпы ғылыми және педагогикалық зерттеулердің логикасы туралы түсініктерді қалыптастыратын пәндермен: «Ғылым философиясы және тарихы», «Әлеуметтік педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері», «Әлеуметтік-педагогикалық зерттеу негіздері» тығыз байланысты [2; 3; 4; 5; 6].

Болашақ мамандардың кәсіби дайындығын жетілдіруге септігін тигізетін бірден-бір маман ол оқытушы. Әрбір оқытушы өзінің шығармашылығын үздіксіз дамытып, ұштастырып отыратын болса онда заман көшінен кеш қалмайтыны айдан анық. Оқытушының шығармашылығының шындалуы дегеніміз өз құзырлығын жаңа инновациялық технологиялардың көмегімен іске асыруы негізінде қол жеткізеді.

Соңғы жылдары білім беруді жаңартудың басты идеяларының бірі – нәтижеге, оның ішінде тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыруға бағыттылығы. Осыған орай, жаңа заман тұлғасының қалыптасуы мен оған білім беруде құзыреттілік тұрғыдан қарау, сондай-ақ, оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру мен болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мәселелеріне елеулі көңіл бөліп, зерттеген отандық ғалымдарымыздың еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Бірақ бұл тұғыр әдіснамалық тұрғыда негізделіп, ғалымдар белгілі тұжырымға келіп педагогика немесе дидактика құралдарынан толық өз орнын белгілеген жоқ. Көптеген іргелі еңбектер де әзірге түпкілікті қағидалар ұсынған жоқ. Сондықтан құзыреттілік тұғыр осы уақытта әдістемелік-технологиялық деңгейде іске асырылуда. Құзырет әлеуметтік сұраныс түрінде міндеттелетін нормативті талаптар жиынтығы болса, құзыреттілік білім беру үдерісінің нәтижелері ретінде жеке тұлғаның бойындағы сапалар деуге болады. Білім мазмұнын іріктегенде құзыреттіліктің құрылымы пәннің жетекші мақсатына сай оқу материалдары алынбақ. Сол пәндердің бірі «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» курсының мазмұны докторант келешекте студенттер мен магистранттарға әдіснамалық білімдерді зерттеу практикасына қолдануға үйрете алатындай, ғылыми жұмысқа сараптама жасай алатындай деңгейге жетуі сияқты өлшемдерді басшылыққа алып құрастырылады.

Мұғалімнің кәсіби қалыптасуы сол кезеңдегі білім жүйесінің дамуымен тікелей байланысты болғандықтан, зерттеу барысында зерделенген Қазақстанның білім саласының жағдайы мен маман кадрлар даярлау мәселелеріне арналған ғылыми-педагогикалық еңбектерде: еліміздегі педагогика ғылымының, мектептердің дамуы (К. Бержанов, А.И. Сембаев, Ә. Сытдықов, Т. Тәжібаев, Г.М. Храпченко, Г.А. Уманов, С. Мусин, И.Б. Мадин, Қ.Б. Сейталиев, К.К. Құнантаева және т.б.); болашақ мұғалімдерді дидактикалық және әдістемелік тұрғыда дайындау (А.Е. Әбілқасымова, Б. Баймұханов, Т.С. Сабыров, М.Ж. Жадрин, С.А. Жолдасбекова, Ә.А. Молдажанова, С.С. Маусымбаев, А. Нұғысова, Д. Рахымбек, Б. Қасқатаева және т.б.); болашақ мамандарды экологиялық тұрғыда дайындау (М.Н. Сарыбеков, К.М. Беркімбаев және т.б.); біртұтас педагогикалық үдерістің теориясы мен практикасы, жоғары мектеп дидактикасының дамуы (Н.Д. Хмель, А.А. Бейсенбаева, Е. Жұматаева, С.Т. Каргин, К.С. Успанов және т.б.); педагогтің зерттеушілік мәдениетін, шығармашылық ізденісін қалыптастыру (Е.И. Бурдина, Б.А. Тұрғынбаева, З.А. Исаева, А.Қ. Мыңбаева және т.б.); қазақ этнопедагогикасы негізінде жеке тұлғаны

дамыту (К.Б. Жарықбаев, С. Қалиев, Ә. Табылдиев, К.Ж. Қожахметова, А.А. Қалыбекова, А.С. Мағауова, Р.К. Төлеубекова, Қ.Бөлеев, М.Х. Балтабаев, А.Б. Абибулаева, С.А. Ұзақбаева, А.Б. Нұрлыбекова, Ш.М. Мұхтарова және т.б.); болашақ маманға кәсіптік білім беру (М.Ә. Құдайқұлов, К.А. Дүйсенбаев, А.П. Сейтешев, Б.К. Момынбаев, А.М. Әбдіров және т.б.), жоғары оқу орындарында студенттерге кәсіби білім беру (О. Мұсабеков, О. Сыздықов, А.Қ. Қозыбай және т.б.), салыстырмалы білім беру (А.Қ. Құсайынов, Қ.С. Мусин, Г.Қ. Нұрғалиева және т.б.); компьютерлік технологияны оқу үдерісіне енгізіп, болашақ мұғалімдерді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау (Т.О. Балықбаев, Е.Ы. Бидайбеков, Ж.Ж. Жаңабаев, Қ.Қ. Қабдықайыров, Ж.А. Қараев, С.М. Кеңесбаев, Ж.У. Көбдікова, М.С. Мәлібекова, Б.Д. Сыдықов, Л.А. Шкутина, Г.О. Тәжіғұлова және т.б.) мәселелері жан-жақты қарастырылған. Барлық ізденістерде де теориялық-әдіснамалық қағидалар жүйеленіп, нақты зерттеу пәніне көшіріліп, қолданылған [10].

Біздің елімізде жалпы құзыреттілік мәселесі бойынша зерттеу жұмыстары 2002 жылдан бастап қолға алына бастаған. Осы уақытқа дейін орыс және қазақ тілдерінде 50- ге жуық докторлық және кандидаттық диссертациялар бар екен. Айталық, А.Т. Чакликова мен С.И. Ферхонның ғылыми еңбектерінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыру жолдары ұсынылған. Сондай-ақ, мемлекеттік және халықаралық кәсіби білім берудің мазмұны құрастырылып, халықаралық көлемде мамандардың кәсіби құзыреттілігін өзін-өзі бағалау негізінде қалыптастырудың автоматтандырылған бағдарламасы да жасалған.

Сонымен қатар, отандық ғалымдарымыздың еңбектерінде коммуникативтік құзыреттілік ұғымына анықтама беріліп, оның ЖОО-дағы маңыздылығын айқындалған және білім беру жағдайында студенттердің ақпараттық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздерін теориялық тұрғыда негіздеу мәселелері де қарастырылған [11;12; 13]. Болашақ маман кәсіби тұрғыдан шебер болу әрбір адамның қолынан келетін іс-әрекеттер тізбегінен тұрады. Ол үшін бір ғана шарт өз жұмысына мақсаттың анық қойылуы қажет. Ол практикалық тәжірибе негізінде жүзеге асады. Дегенмен де, кез келген практикалық тәжірибе маманды кәсіби тұрғыдан шеберлікке жеткізе бермейді. Шеберлікке апаратын жол мақсат пен технологиялық іс-әрекет бірлігінен құралады. Ежелгі грек материалісі, философ Демокрит: «Еңбек үздіксіз үйренгендіктің арқасында жеңілдей түседі», - деп көрсеткендей әлеумет болашақ мамандардан білім беру саласына өз үлесін қоса алатын кәсіби тұрғыда құзыретті, ізденімпаз, шебер және жоғары жауапкершілікті болуды талап етеді.

Сондықтан, болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды үздіксіз білім беру жүйесінде философиялық-әдіснамалық білім берудің мазмұны мен әдістемесін жетік ойластырудан бастау керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. // Ана тілі. № 52 (1153) 21 желтоқсан 2012 – 4 қаңтар 2013 жыл, 1, 8-13 б.
2. Алиев У.Ж. Теоретическая экономика: общедисциплинарная модель. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 348 с.
3. Бордовская Н.В. Педагогическая системология: учебное пособие. - М.: Дрофа, 2009.-464 с.
4. Кохановский В.П. Философия и методология науки: Учебник для высших учебных заведений. – Ростов на Дону.: «Феникс», 1999. – 576 с.
5. Краевский В.В. Методология педагогики: новый этап: учеб. пособие для студ. высш. учеб.заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2006. – 400 с.
6. Кун Т. Структура научных революций. – М.: Политиздат, 1975.
7. Лакатос И. Избранные произведения по философии и методологии науки / Пер. С англ.. – М.: Академический проект; Триеста, 2008. – 475 с.
8. Липский И.А. Социальная педагогика: методологический анализ. М.: ТЦ «Сфера», 2004. – 320 с. (Липский И.А. Социальная педагогика: практика, научная дисциплина, образовательный комплекс // Педагогика. 2001. № 1. с.24-32.).
9. Лукацкий М.А. Методологические ориентиры педагогической науки: учебное пособие. Тула: Гриф и К, 2011. 448 с.
10. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика: учебник для студентов вузов. - М.: Издательство РГСУ, 2013.- 416 с.
11. Философия и методология науки: Для аспирантов и магистрантов / Под ред. К.Х. Рахматуллина и др. – Алматы: Казак университеті, 1999. – 403 с.
12. Кубельски В. Педагогические основы разработки и применения тестов в оценке профессиональной подготовки будущих специалистов социальной сферы (на примере вузов Польши) / Под ред. В.И. Беляева. М.: Изд-во МГСУ «Союз», 2003. – 303 с.
13. Таубаева Ш. Т. Ресейдегі әлеуметтік білім беру саясаты және Қазақстанда әлеуметтік педагогика мен өзін-өзі тану саласы мамандарын даярлау мәселелері // Самопознание: педагогика любви и творчества: Материалы международных педагогических чтений. - Алматы, 2012. –Т. 2, 176-179 б.